



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 001 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2005 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАҢТАР

2005 жылғы 5 қаңтарда Ұлттық Банкте ақша-кредит саясатының тиімділігі мен айқындығын жоғарылату мақсатында ол жөнінде шешімдер қабылдау процесін жетілдіру мүмкіндіктерін талқылауға арналған Дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты және Мәжілісі Комитеттерінің Төрағалары, түрлі мемлекеттік органдардың және академиялық топтардың өкілдері, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбы Ұлттық Банктің жанынан ақша-кредит саясаты жөніндегі консультативтік-кеңестік орган құру мүмкіндігі туралы мәселе болды. Оның жұмысына Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ғылыми топтардың өкілдері, экономикалық саясат мәселелері жөніндегі сарапшылар, сондай-ақ экономиканың қаржы және нақты секторларының өкілдері қатыса алады деп болжанып отыр.

Дөңгелек үстелге қатысушылар тұтастай алғанда осындай орган құру идеясын қолдады және жақын арада талқылауға енгізілуі мүмкін бірқатар мәселелерді шамамен айқындады. Оған ақша-кредит саясаты құралдарының тиімділігі, айырбас бағамының саясаты, ақша-кредит саясатының экономиканың нақты секторына ықпалы жөніндегі мәселелер жатады.

Осы органның мәжілістері тоқсан сайын жүргізілетіні және олардың нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің Басқармасына ұсынымдар дайындалатыны болжанады. Сонымен бірге Ұлттық Банк Басқармасы қабылдаған шешімдердің сипатына қарамастан, ақша-кредит саясаты жөніндегі консультативтік-кеңестік органның ұсынымдары бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табатын болады.

Дөңгелек үстелге қатысушылар мемлекеттік шешімдерді тиімді қабылдау мақсатында сындарлы жемісті ынтымақтастық үшін жүргізілетін макроэкономикалық зерттеулердің нәтижелерімен өзара алмасуға мүдделі және дайын екендігін білдірді.

Жақын арада Ұлттық Банктің Басқармасы Ақша-кредит саясаты жөніндегі консультативтік-кеңестік орган туралы ережені және консультативтік-кеңестік органның құрамын бекітеді, олар жарияланатын болады.